

внедрялось марксистское понимание истории в ее сталинско-вульгаризаторской трактовке, а с другой стороны, это были научные труды с концепциями историков с преимущественным вниманием к движущим силам исторического процесса в виде концепта классовой борьбы и оправдание колониальных захватов царской России.

Статья подготовлена в рамках выполнения научного проекта по гранту АР14872088 «Национальное историознание – сердцевина интеллектуальной истории Казахстана 40-х – 50-х годов XX века» (2022–2024 гг.) (Комитет науки Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан).

Список литературы:

1. История Казахстана (с древнейших времен до наших дней). В пяти томах. Том 4. – Алматы: «Атамұра», 2009. – 768 с.
2. История Казахской ССР с древнейших времен до наших дней. Под ред. М. Абдыкалыкова и А. Панкратовой. – Алма-Ата: Казогиз, 1943.
3. Тихонов В.В. Историки, идеология, власть в России XX века. Очерки / В.В. Тихонов; Ин-т рос. истории Рос. акад. наук. – М.: ИРИ РАН, 2014. – 218 с.
4. Гришаев О.В. Роль совещания историков 1944 года в ЦК ВКП (б) в развитии советской историографии русской истории // Научные ведомости. – Серия История. Политология. Экономика. Информатика. – 2013. – № 1(144). – Вып. 25. – С. 132–136.
5. Дубровский А.М. Власть и историческая мысль в СССР (1930-1950-е гг.) / А.М. Дубровский. – М.: Политическая энциклопедия, 2017. – 622 с.
6. Кунаев Д.А. От Сталина до Горбачева (В аспекте истории Казахстана). – Алматы: «Санат», 1994. – 352 с.

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ МҰРАСЫ

*Қарабаева Х.,
Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық
университетінің профессоры
Алматы қ., Қазақстан*

Мақала Ахмет Байтұрсынұлының жүз елу жылдық мерейтойына арналған. Мақалада Ахметтану ілімінің қалыптасу тарихына шолу жасалды. Замандастарының Ахмет Байтұрсынұлының 50 жылдық мерейтойына орай жазған кейбір мақалалары және олардың ұлт көсемінің еңбегіне берген бағалары талданды. Қазақстан Тәуелсіздігін қайта алған жылдары Ахметтану ілімінің жаңа бағытта зерттелуінің маңызына назар аударылды. Ахмет Байтұрсынұлының 6 томдық шығармалар жинағына енген әліппе, оқу құралы, өлеңдері мен мақалалары негізінде ғалымның этнология ғылымының дамуына үлес қосан этнографиялық жазбалары сараланды.

Ахмет Байтұрсынұлы мұраларының этнографиялық сипаты мысалдармен нақтыланды. Бұл ретте қазақтың тұрмыс-тіршілігі, тарихы және мәдениетімен байланысты кәсіби атаулар мен сөз тіркестері, мақал-мәтел, өлең және мәтін үлгілері мысал ретінде қолданылды. Оқу құралында қамтылған тілдік материалдардың қай-қайсысы болсын, бүгінгі күн тұрғысынан алғанда, тарихи мән-маңызы ерекше құнды тарихи жазба, қазақ тілінің лингвоэтнологиялық немесе этнолингвистикалық реңкін айшықтайтын тілдік мұра ретінде қарастыруға болатыны дәлелденді. Ахмет Байтұрсынұлының этнология ғылымының музыкалық этнография саласына қосқан үлесі айтылды. Ахмет Байтұрсынұлының Академиялық орталықта халық поэзиясының, музыкасының үлгілерін және этнографиялық мәліметтерді жинау жөнінде атқарған жұмысы және Ахмет Байтұрсынұлының қызметіне қатысты тың деректер талданды.

Биыл Қазақстанда Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдық мерейтойы Біріккен Ұлттар Ұйымына (БҰҰ) қарасты Білім, ғылым және мәдениет жөніндегі – ЮНЕСКО ұйымының аясында атап өтілуде. Аталған ұйымның 2022-2023 жылдарға арналған халықаралық мерейтойлар тізіміне Қазақстан өз ұлтының ұлы перзенттерінің бірі Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдығын және халқымыздың күміс көмей әншісі Роза Бағланованың 100 жылдығын енгізу туралы өтініш білдіріп, ұсынысы қолдау тапқан еді.

Бұл мақала осы атаулы шаралар аясында Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдық мерейтойына арналып жазылды.

Зерттеушілер Ахметтану ғылымының негізі осыдан бір ғасыр бұрын 1923 жылы, А. Байтұрсынұлының 50 жылдық мерейтойын атап өту шарасынан басталғанын айтады. Алайда «заман тар, жауыздық зор» кезеңде Ахмет Байтұрсынұлының өзі жазғандай «дұшпаны қолдан ұстап, иттері тонын тістеп, тұтқын боп тарығып, тағдыр кермесіне тап болып, жаны қамаулы, аяғы тұсаулы күйге» түскен шақта оны дамытудың мүмкін болмағаны белгілі. Өмірі қуғын-сүргінге толы ақын:

Рахметсіз өтсе де өмір жасым,
Бұл жөнімнен Құдайым айырмасын.
Ұзақ жолға ниет қып бір шыққан соң,
Жарым жолдан қайтпаспын, қарындасым!
Мен өлсем де өлемін жөнімменен,
Тәннен басқа немді алар өлім менен?!
Өлген күні апарып тығары – көр,

Мен жоқ болман көміліп тәнімменен [1:110],- деп, қазағы үшін басын бәйгеге тікті, рухын мұқалтпады. Өзі дүниеден өтсе де, елінің ертеңі үшін атқарған ісінің өлмейтініне сенімі кәміл болды.

Аңдыған жау алмай қоймады. А. Байтұрсынұлының аты да, сипаты да, суреті де, мұрасы да қапаста қалып, ұлының есімі тұмшаланған жылдар өтті. Алайда:

Қиналып кім болсаң да, талыққандар,
Түңіліп, үміт үзіп, жабықпандар!
Қайтадан жақындық кеп, қастық қашып,

Жарқырап жақсылыққа атар таң бар. [1:115],- деп, А. Байтұрсынұлы халқына үміт сыйлап, болшағын көрегендікпен болжап кеткен екен. Қазағы Тәуелсіздік байрағын қайта желбіретіп, қолына алған тұста жұрты, ұрпағы өз Ахметімен, «адамдық диканшысымен» қайта табысты, табысты да әр мұрасын ақтарды, ақтарды да әр сөзін құп алды. Қарапайым да көркем, шынайы да терең, көне де жаңа өзек жарды ойларға толы шығармаларын парактап, керегін тауып, ой түйді. Ахметтей ақылманның:

Адамдық диканшысы қырға шықтым,
Көлі жоқ, көгалы жоқ, құрға шықтым.
Тұқымын адамдықтың шаштым, ектім,
Көңілін көгертуге құл халықтың [1:105],
Жөн көрсеттім қазақ деген намысқа,
Жол сілтедім жақын емес, алысқа.
«Өзге жұрттар өрге қадам басқанда, -

Дедім, - сен де қатарыңнан қалыспа! [1:106],- деген сөзінен рух алды. Қатардан қалыспауды серт етісті.

М. Әуезов 1923 жылы «Ақжол» газетінде «Бұрынғы уақытта қазақ баласының есіне келмеген, мағынасы үлкен уақиғаның бірі - ... Ақаңның 50 жылдық тойы – Ахаңа арналған тұңғыш той – ой ойлаған қазақ баласының жүрегіне жылы тиетін қуанышты істің бірі. Әркімнің қалғыған сезімін оятып, өткен күндерін есіне түсіретін көп істің ішіндегі ірісі» [2:120-121], - деп, баға берген болса, ХХІ ғасырда А. Байтұрсынұлының аяулы есімін, ерен ісін халықаралық деңгейде ұлықтау шарасы да А. Байтұрсынұлының замандастары атап өткен тарихи күннен мән-маңызы, қасиеті, жөн-жосығы, орны тұрғысынан еш айнымаған елеулі оқиға ретінде бағаланады.

Сәкен Сейфуллин «Еңбекші қазақ» газетінде «Қазақ халқын байға, кедейге бөлмей намысын бірдей жыртып, арын бірге жоқтады» [2:128] - деп, Ахмет Бұйтұрсынұлының ұлтын шын сүйегін, шын ұлтшыл келбетін дәл айқындап, ұлтты сүюдегі А. Байтұрсынұлының бірегей өнегесін дәп басып көрсетті.

Телжан Шонанұлы: «Ахаң – күрделі тұлға, зерделі ғалым. Күрделі болғанда, ел-жұртының тарихы мен тағдыр талантын терең біліп толғаған, танымына лайық алысқа қол ұсынған алғашқы оқымыстысы. Кең құлашты, ұлан-асыр, терең ойлы ғалым – халық ұлы өмірдің қай саласында да өз пікір-толғамын, бағыт-бағдарын білдіріп келеді» [2:131], - деп, Ахмет Байтұрсынұлының тыңнан түрен тартып, қазақ әдебиеті мен тіл білімінің негізін қалаған зерделі зерттеуші, ғұлама ғалым ретіндегі орнын айшықтады.

Замандастары А. Байтұрсынұлының қызметі сан қырлы болғанын айтты.

Ұлт ұстазы оқу-ағарту мәселелеріне қатысты мақаларында («Бастауыш мектеп», «Мектеп керектері» және т.б.) қазақ балаларына арналған оқу құралының мазмұнын нақтылап: «Бастауыш мектепте кілең қазақ тілінде үйретілетін нәрселер: оқу, жазу, дін, ұлт тілі, ұлт тарихы, есеп, жағрафия, шаруа-кәсіп, жаратылыс жайлы» [3:315, 317] болуын басты назарда ұстаған. Балалардың қиналмай хат танып, сауаттануы үшін, оқуға ықыласының артуы үшін қажетті қағидат ретінде ұсынды. Қазақ отбасының күнделікті тұрмыс-тіршілігінде қолданылатын қарапайым атау сөздер «Оқу құралы. Қазақша алифбаның» (1912) негізгі тірегіне айналған. Әріпті жазып, оқып үйрену үшін берілген жаттығу-тапсырма құрамындағы сөздер негізінен 1, 2, 3 буынды. Жай сөйлемдер 2, 3 сөзден құралған. Оқу құралының екінші жартысында атау сөздер (туысқан-туған ілікдес, киімдер, ойын-ойыншықтар, тамақтар-сусындар, дене мүшелері, үй саймандары, ыдыс-аяқ, малдар аты, малдан басқа төрт аяқтылар, құстар, бақа-шайан, құрт-құмырсқа, жер түгінің аттары, жер жүзінің аттары, сан) – барлығы 15 тақырыптық топқа жіктеліп берілген. Қазақ әдебиетінің жаңылытпаш, жұмбақ, мақал, өтірік өлең, шын өлең деген шағын түрлерінің үлгісі және көлемі 7 сөйлемнен тұратын «Біздің үй» және «Мен қалай оқуға бардым» атты екі мәтін бар.

Оқу құралында қамтылған тілдік материалдардың қай-қайсысы болсын, бүгінгі күн тұрғысынан алғанда, тарихи мән-маңызы ерекше құнды тарихи жазба, қазақ тілінің лингвоэтнологиялық немесе этнолингвистикалық реңкін айшықтайтын тілдік мұра ретінде қарастыра аламыз. А. Байтұрсынұлының өз сөзімен жеткізер болсақ, қазақтың 100 жыл бұрынғы тұрмысы, істеген кәсібі, ұстаған жолы, жұмсаған білімі, тұтынған нәрсесі осы күнгідей болмағанын айғақтайтын дайын дереккөз. А. Байтұрсынұлы тізімдеген туыстық атаулар, дене мүшелерінің атаулары, сан атаулары, төрт түлікке қатысты атаулар, жабайы аң, құс, бақа-шайан, құрт-құмырсқа, ағаш мен өсімдік атаулары мен жер бедеріне қатысты атаулары бүгінге дейін өзгеріссіз тілімізде пәрменді қолданылып келе жатқанына көз жеткіздік. Керісінше, киім-кешек атауларынан жалбағай, шұлғау, тамақ-сусын атауларынан малта, томыртқа, бөртпе, дене мүшелерінен иін, киіз үй саймандарынан дөдеге, ыдыс-аяқтан: тастабак, сүйретпе, баспақ сияқты сөздер қолданыстан шығып, көнерген сөздер қатарынан орын алған. Олардың мән-мағынасын түсіну үшін арнайы сөздіктердің көмегіне жүгінуге тура келеді.

1926 жылғы «Әліп-БІЙ. Жаңа құрал» суреттермен шыққан.

А. Байтұрсынұлы «қазақтан сүгіретші болмағандықтан, қазақ тұрмысына лайық суреттер табылмағандықтан, бұл әліп-би кітабында да сүгірет жағынан кемшілік көп» екендігін айтып, онысы оңала жатар деген үміт білдіреді. Қазақ тұрмысына қатысты суреттерді атайтын болсақ, нар, нан, сабан, атан, ата, қос, қазан, қазы, тары, табақ, алабота, қалып, ауыл, отау, қыстау, мық, қамыс, жал, жарлы, байпақ, шапан, қалпақ, ер (ат әбзелі-Қ.Х.), кесе, теке, елек, біз (құрал-Қ.Х.), егеу, шеге, тігіс, көрік, өрім. Бұл атаулардың бәрі қазақтың өткен өмірінен, тұрмысы, шаруашылығы мен мәдениетінен хабар беретін этнографиялық материал. Себебі

А. Байтұрсынұлы айтқандай: «Тіл – мәдени өркендеудің басты факторы. Тіл жоқ жерде халық, біріншіден, бет-бейне айырылып қалады, екіншіден, рухани, мәдени

тозғындауға ұшырайды. Тілсіз, сөзсіз ақыл мен ойды қозғай алмайсың. Ал ой-санасыз сөз жоқ» [2:136].

1926 жылғы ересектерге арналған «Сауат ашқышта» берілген атаулар мен мәтін тақырыптар кітап оқушының жас ерекшелігіне сай ұсынылған. «Қазақ салты», «Шаруа жайы», «Қазақ малының тұқымын асылдандыру жайында», «Сүтті сиырдың белгілері» және т.б. мәтіндер қазақтың өзін өзі тануы үшін әрі өмір ағымына сай өмірін жақсарту үшін әрекет жасауға кеңес түрінде ұсынылған мәтіндердің өзі де этнографиялық жазба.

1927 жылғы Т. Шонановпен бірге жазып, құрастырған «Оқу құралы» хрестоматиясының ерекшелігі А. Байтұрсынұлының өз дәйектемесінде жазылған. Аталған еңбек көлемді, 3 бөлімнен тұрады. I бөлім – Әдебиет, тұрмыс, еңбек, II бөлім - Ғылым: өсімдік пен жануарлар, III бөлім – Дүние деп аталған. Тақырып аясында ұсынылған мәтіндердің көлемі әркелкі.

А. Байтұрсынұлы «Ұзын мақалалар кіргізілгенде мектептегі шәкірттер түгіл, үйдегі ата-аналары да есте болды», - деп ескертіп, «кітаптағы мақалаларды пұшпағынан санап, ретімен оқудың қажеті жоқ. Басқа біліммен байланыстырып, керегінше онды-солды, ілгері-кейін теріп оқытуға болады», - деген кеңес береді. А. Байтұрсынұлы айтқан нұсқамен мәтіндерді мақсатымызға сай тақырыптарына қарай тізіп шықсақ, Қазақ даласы, Оңтүстік, Дала бораны, Көш, Қой, Қойшы, Ешкі, Түйе, Жылқы, Жылқышы, Сиыр, Ит, Аңшы, Алтай, Ерте замандағы қазақтың қару құралдары, Көшпелінің тұрмысы, Қазақ шаруашылығы, Көшпелі түріктердің соғысы, Киіз үй мен ағаш үй және де т.б., мәтіндер қазақтың тұрмыс-тіршілігі, кәсібі, шаруашылығы, тарихы, наным-сенім, түсінігі, өнері туралы ақпарат беретін, құнды этнографиялық дереккөз болып табылатындығына еш шек келтірілмесі анық. Мысалы көлемі шағын, екі беттен сәл асатын «Көшпелінің тұрмысы» жазбасында А.Байтұрсынұлы: «Көшпелінің байлығы, жиған тергені – мал. Соның үшін көшпелінің барлық тұрмысы мал жайына қарай болады, мал жайын үйлеседі. Малға не жайлы болса, көшпелі соны істейді» [4:155], - деп, мал жайылымы (қыстау), мал азығы (пішен әзірлеу, егін салу, тебін, сабан айдау, сабан тоғару, егін бастыру, егінді шала бастыру), мал бағу, күтім әдісі (қадағаласып бағу, суғару, өргізу, жас төлді отқа жіберу, қозының құртын, битін қарау, лас қозыны тазарту, түйенің құртын қарап, қимайлау және т.б.), көшпелі баспанасы және оның бөлшектері (киіз үй, шым үй, қысқы үй, ас үй, қонақ үй, лашық, шанышпа қос, жолмүй, желкөз керег, торкөз үй, қарын көзді терезе), еркектің күнделікті тірлігі (мал суару, бие байлау және т.б.), әйелдің күнделікті тірлігі (мал сауу, тезек теру, құрт, ірімшік қайнату, өрмек тоқу және т.б.), баланың күнделікті тірлігі (қозы бағу және т.б.) туралы құнды этнографиялық дерек келтірген. Бір ескеретін жай мұнда қазақтың тек жаз кезіндегі күнделікті тұрмыс-тіршілігі, мал бағу ісінің жаз мезгіліндегі күн тәртібі жүйелі баяндалады.

Қазақтың ата кәсібі мал шаруашылығына қатысты шағын мақалалардың бірі – «Қой». Онда: «Қойдың толып жатқан тұқымдары бар. Бірақ түпкі тұқымы қой мен сарық боп екі айырылады. Екеуінің арасындағы айырмасы құйрығында. Қысқа құйрықтысы қой деп, ұзын құйрықтысы сарық деп аталады ... Біздің қазақ қойды көбінесе еті мен жүні үшін ұстайды. Жүні үй жабуға керек» [4:33], -деп жазылған. Қазақ тұрмысында қойдың алар орны ерекше екені белгілі, алайда А.Байтұрсынұлы еңбегінде келтірілген қой тұқымына қатысты жіктелімді бүгінде екіншісі біле бермейтін құнды ақпарат. Әдетте қойдың сарық деп аталатын ұзын құйрықты тұқымы көбіне ел арасында меринос деген атау ие. Алайда меринос қой тұқымының ерекшелігі оның жүнімен байланысты екенін қаперге ала бермейді екенбіз. Бүгінде сарық сөзінің қолданысы – пәрменсіз. Тіпті қағанағы қарық, сағанағы сарық деген тұрақты сөз тіркесін қуанышты болу, мәз болу мәнінде қолданғанымызбен, оның құрамындағы сарық сөзінің түп төркінін тани алуымыз неғайбыл. Осы олқылықтың орнын толтырған А. Байтұрсынұлы жазбалары.

Адамның тұрмысында ерекше орын алатын тіршілік иесі ит тұқымы болса, ол туралы А. Байтұрсынұлы былай дейді: «Адам бар жердің бәрінде ит бар. Біздің қазақ иттің екі түрлісін ғана ұстайды. Қора күзеттіруге төбет тұқымын, аңға қосуға тазы тұқымын. Бұл

екеуінің қатысканынан шығатын дәрекі тұқым бар. Ол төбетке жақын болса, қора күзетеді, тазыға жақын болса, аңға қосылады. Басқа тұқымдардан қазақтың білетіні барак ит». Бұл жазбада кездесетін дәрекі тұқым күрделі атауындағы дәрекі қолданысы назар аудартады. Қазіргі қазақ тілінде түрлі тұқымның қатысуынан шыққан итті дәрекі ит деп аталатыны белгілі. Осыған қарағанда бастапқыда дәрекі түрінде қолданылған атаудың дыбыстық өзгеріске ұшырып дәрекі түрінде қолданысқа түскен деген болжам жасауға болатын сияқты.

А. Байтұрсынұлының этнология ғылымының музыкалық этнография саласына қосқан үлесі де ерен деп білеміз. Ол туралы музыкатанушы-этнограф

А.В. Затаевич: «Мен өз тарапымнан Ахмет Байтұрсынұлының алғырлығы мен білімділігіне тәнті болдым, менің осы еңбегіме («Қазақтың 1000 әні» – ҚХ) үлкен ыждахатпен қарады әрі осы кітапты жазу барысында өзіне белгілі әндерді: торғайлық, қостанайлық, ақтөбелік, бөкейлік және қарақалпақтық (соңғысы – Семейлік губерния) деп хабарлаумен қатар, домбыраға арналған күй берді. Және қазақ тұрмысы мен этноғұрпының тарихы жөнінде өзінің беделді нұсқаулары мен түсіндіру сипаттамалары негізінде менің қалың бұқара арасынан жинаған материалдарымды дұрыс саралап-сараптауға үлкен ықпал етті» [2:89-90]- деп, А. Байтұрсынұлының этнограф ретіндегі біліміне, қызметіне жоғары баға беріп, замандасының композиторлық қырын атаған.

Тарихи деректерге сүйенсек, Ахмет Байтұрсынұлы 1921 жылы Қазақ Автономды Советтік Социалистік Республикасы (Қазақ АССР) Халық ағарту халық комиссариаты жанынан Академиялық орталық құрып, оның ісін жүргізуде елеулі рөл атқарғандығы айтылады. Академиялық орталықта халық поэзиясының, музыкасының үлгілерін және этнографиялық мәліметтерді жинау жөнінде арнаулы комиссия жұмыс жасаған. Орталық жұмысына

М. Дулатов, М. Жолдыбаев, Қ. Жұбанов, Б. Майлин,
Е. Омаров, Ш. Сарыбаев, С. Сейфуллин, Т. Шонанов, Ә. Диваев,
А.П. Чулошников, А.В. Затаевич, А.Д. Кастальский, Н.Н. Миронов,
А.Л. Мелков, Н.В. Мелкова, А.А. Четыркина сияқты т.б. білімді тұлғалар тартылған.

Академиялық орталық Ахмет Байтұрсынұлының басшылығымен қазақ өлкесін жан-жақты зерттеу ісін ұйымдастырып, сауатсыздықты жою, кітап шығару, қазақ мектептерінің оқу жоспарларының жасау, оқулықтар жазу, ғылыми-педагогикалық мамандар даярлау, ғылым, өнер саласындағы жұмыстарды ұйымдастырып, үйлестіріп, жеткішілік жасау істерімен айналысқан.

2021 жылы интернет желісінде Ахмет Байтұрсынұлының Қостанайда жазылған қолжазбасының табылғандығы туралы Алмасбек Әбсадықтың сүйінші хабары жарияланып, Ахметтану ғылымы жаңа тарихи деректермен толықты. Жарияланған ақпаратта 1902 жылы А. Байтұрсынұлының халық мектебінің директоры А. Алекторовтың шақыруымен Омбы қаласына аттанып, директордың ісжүргізушісі болып қызмет еткендегі жазылған. Автордың пайымынша, екі тұлғаның алғаш таныстығы мерзімді баспасөздегі мақалалардан басталған. Оны растайтын дереккөз ретінде газет материалынан фотосурет жариялап, оған: «1895 жылы Ақтөбе уезі Бестамақ болысындағы Арынғазиев мектебінде ұстаздық қызмет атқарған жүрген

А. Байтұрсынұлының «Тургайская газетаның» № 39 санында «Киргизские приметы и пословицы» атты тырнақалды туындысы жарық көреді. Этнографиялық туындының соңы аяқталатын бетке А. Алекторовтың «Құрманбай» атты мақаласы жарияланады» [5], - деген түсініктеме береді.

Фотосуреттен А. Байтұрсынұлының аты-жөні, А. Алекторов мақаласының тақырыбы және екі автордың жазбаларынан үзіндіні көруге болады.

Газетте А. Байтұрсынұлының халықтың ауа райын болжау тәжірибесінен келтірген 36 мысалы жарияланған екен. Олар: 31) Көктемде аққу мен үйрек бірінші ұшып келсе, суық болады; 32) Көктемде кезқұйрық (коршун) бірінші ұшып келсе, қар тез ериді; 33) тышқандар шөпті інің сыртына жиса, қыс жылы болады, інің ішіне жинаса, суық болады;

34) күн ашықта бақа бақылдаса, жаңбыр жауады; 35) Қыстың ашық күнінде қойлар жаңбыр тамшысын не қар жапалағын қаққандай құлағын жыбырлатса боран болады; 36) ыдысқа салынған қар еріп, бетіндегі көпіршіктері атыла бастаса, боран болады. Ал еріген қар тек көпіршіктеніп тұрса, көктем жылы болады [5] .

Газетте жарияланған А. Байтұрсынұлының жазбасын Табиғат аясында өскен қазақтың ауа райын табиғат құбылыстары, жан-жануарлар мен құстардың іс-әрекеті, тыныс-тіршілігіне қарап болжайтын таным көкжиегін айғақтайтын этнографиялық жазба деп қабылдаймыз.

А.Е. Алекторовқа қайта келер болсақ, ол кісі - тарихшы, этнограф, ағартушы, Орыс императорлық Археология, тарих және этнография қоғамының толық мүшесі, Астрахан және Орынбор губерниялары ғылыми архив комиссияларының мүшесі «Оренбургский листок», «Астраханский вестник», «Московские ведомости», «Тургайская газетада» қазақ фольклоры, этнографиясы мен тарихы туралы мақалалар жариялаған. Қазақ шәкірттеріне арналған «Даналыққа баспалдақ. Орыс-қазақ бастауыш мектептерінің оқушыларына арналған әліпби» (1891), «Қырғыз-орыс сөздігі» (1897), «Қырғыз хрестоматиясы» (1898) мен бірнеше оқулық, сөздік жазғандығы айтылады.

А. Байтұрсынұлының А. Алекторовпен жақын таныс болуының маңызы туралы М. Әуезов жазған ой-пікірді негізге алсақ, екі тұлғаның таныстығы

А. Байтұрсынұлына біріншіден, отаршылдық саясаттың тактикасын түсінуге, екіншіден А. Байтұрсынұлының жолының ашылып, ой-пікір, білімнің толысуына үлкен септігін тигізді деп түйіндеуге болады.

Ұлт көсемінің қыруар еңбегін саралап, талдауға мүмкіндік туған қазіргі заманда жазушылығы ақындығына, қайраткерлігі көрегенділікке, ұстаздығы ұлағатқа, зерттеушілігі ғалымдыққа ұласқан көсем де шешен Ахмет Байтұрсынұлының этнографиялық қызметіне тоқталып, ұлт көсемінің қазақ этнология мектебін қалыптастыруға қосқан үлесін зерделеп, мән-маңызын саралауға аздаған қадам жасалды. А. Байтұрсынұлының балаларды оқыту, ересектердің сауатын ашу үшін жазған әліппе, оқу құралдары мен мақалалары мен зерттеулері қазақ мәдениетін танытатын ғылыми құндылығы жоғары этнографиялық қымбат қазына.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Байтұрсынұлы А. Алты томдық шығармалар жинағы. –Алматы: «Ел-шежіре», - 2013. Т.1: -384 б.

2. Байтұрсынұлы А. Алты томдық шығармалар жинағы. Мақалалар, хаттар. А. Байтұрсынұлы туралы құжаттар мен материалдар. –Алматы: «Ел-шежіре», -2013. Т.6: -384 б.

3. Байтұрсынұлы А. Алты томдық шығармалар жинағы. Әліппелер мен мақалалар жинағы. (Төте жазудағы тұңғыш әліппелер және ұлттықбаспасөзде жарияланған көсемсөздер –Алматы: «Ел-шежіре», -2013. Т.4: -384 б.

4. Байтұрсынұлы А. Алты томдық шығармалар жинағы. –Алматы: «Ел-шежіре», - 2013. Т.2: -391 б.

5. Әбсадық А. Ахмет Байтұрсынұлының Қостанайда жазылған қолжазбасы табылды <https://tilalemi.kz/article/2785-.html>